

2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 5 сәуірдегі № 174 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 4 мамырда № 14-6-163 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 166 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімі аппаратының 29.01.2013 № 166 хатымен).

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 27, 28 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1-тармағының 8) тармақшасына және 37 бабына, «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығына сәйкес Қазығұрт ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды "Қазығұрт аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі жанындағы шақыру учаскесінде ұйымдастырылсын және

қ а м т а м а с ы з **е т і л с і н .**

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыру үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссиясы 1-қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2-қосымшаға

с ә й к е с **б е к і т і л с і н .**

4. Ауылдық округтердің әкімдері, ұйымдардың басшылары 2012 жылдың

сәуір-маусымында және қазан–желтоқсанында өтетін шақыру мерзімінде әскерге шақырылуға жататын азаматтарды іссапарлардан шақыртып алуға, оларды хабардар етуді және азаматтарды, олар әскери қызметке шақырылған кезде медициналық куәландырудан өткізу үшін әскерге шақыру пунктіне уақтылы келуін ұйымдастырсын.

5. "Қазығұрт аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі (О.Қабыштаев - келісімі бойынша) өз құзыреті шегінде әскери міндеттілікті орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді ұйымдастырсын және әскерге шақырылушылардың әскери бөлімдерге жөнелтілуі кезінде қоғамдық тәртіптік сақталуын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. М а м а е в қ а жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Аудан әкімі

Т.С.Алиев

К Е Л І С І Л Д І :

«Қазығұрт аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының уақытша міндетін атқарушы
_____ Батырбаев Аман Мұхтарұлы

«05» сәуір 2012 жыл

«Қазығұрт аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы
_____ Қабыштаев Орынбасар Әбдікәрімұлы

«05» сәуір 2012 жыл

«Қазығұрт аудандық орталық емхана» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның бас дәрігері
_____ Алтенов Данияр Сабырұлы

«05» сәуір 2012 жыл

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 05 сәуірдегі

N 174 қаулысына 1-қосымша

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссия құрамы

Ескерту. 1-Қосымша жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2012.08.29 № 429 Қаулысымен.

Тұрсынқұлов Серік Алтынбекұлы	-	Қазығұрт ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы
Батырбаев Аман Мұхтарұлы	-	Қазығұрт аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының уақытша міндетін атқарушы, комиссия төрағасының орынбасары (келісімі бойынша)
Комиссия мүшелері:		
Рахымбекұлы Аян	-	Қазығұрт аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісімі бойынша);
Ақынгазиева Айгуль Кузенбаевна	-	Қазығұрт аудандық орталық емханасы бас дәрігерінің орынбасары, медициналық комиссиясының төрағасы (келісімі бойынша).
Ибрагимова Мұхаббат Балтабайқызы	-	Қазығұрт аудандық орталық емханасының мейірбикесі, комиссия хатшысы (келісімі бойынша).

Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссияның резервтік құрамы

Құрбан Керім Бархыұлы	-	Қазығұрт ауданы әкімінің кеңесшісі, комиссия төрағасы
Арысбаев Аймуханбет Мухтарович	-	Қазығұрт аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру бөлімшесінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары (келісімі бойынша)
Комиссия мүшелері:		
Жамалов Өміржан Сейдуллаевич	-	Қазығұрт аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары (келісімі бойынша);
Полатов Алимхан Усенович	-	Қазығұрт аудандық орталық емханасы бас дәрігерінің орынбасары, медициналық комиссиясының төрағасы (келісімі бойынша).
Жиенбаева Эльмира	-	Қазығұрт аудандық орталық емханасының мейірбикесі, комиссия хатшысы (келісімі бойынша).

Қ а з ы ғ ұ р т а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 0 5 с ә у і р д е г і

N 174 қаулысына 2-қосымша

Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу
КЕСТЕСІ

1	қ/с	Ауыл округтерінің атауы	Сәуір																								
			2	3	4	5	6	9	10	11	12	13	16	17	18	19	20	23	24	25							
3	1	Алтынтөбе	+							+								+									
4	2	Жанабазар		+							+									+							
5	3	Жігірген			+								+									+					
6	4	Қазығұрт	+						+									+									
7	5	Қызылқия				+						+							+								
8	6	Қарабау					+							+									+				

